

## БЕКІТЕМІН:

Костанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «І.Омаров атындағы Костанай облыстық қазақ драма театры» КМҚК басшысы

А. Зауатбек

24 мамыр 2024ж.

Костанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «І.Омаров атындағы Костанай облыстық қазақ драма театры» КМҚК  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсыкомплаен ережесі

### ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Кәсіпорынның заңгеріне жүктеледі.
- 1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті тұлға ретінде басшыға тікелей бағынады.
- 1.3. Өз қызметінің ерекшелігі бойынша білуге тиіс:  
Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Мәдениет туралы" ҚР Заңы, "Мемлекеттік мұлік туралы" ҚР Заңы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар және 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы бекіткен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері және өзге де нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.
- 1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:
  1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – кимыл туралы" Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі-зан) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
3. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
4. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

## 2. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің лауазымдық міндеттері::
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
  - мұдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
  - мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;
  - корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
  - кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған жағдайда) сақтауын бақылау;
  - азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қагидаларын бекіту туралы" бүйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
  - сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлық және/немесе оған қатысу фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу;
- Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмысты үйлестіру;
- кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау;
- кәсіпорын жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік этика және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сактауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету;
- Кәсіпорынға және оның қызметкерлеріне тиесілі мүлікке ұқыпты қарайды.
- қызметтік қажеттілік жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз міндеттерін орындауға мерзімнен тыс тартылуы мүмкін

### **3. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттер беріледі

- 1) кәсіпорынның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шенберінде кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;
- 2) өз құзыретіне жататын мәселелерді кәсіпорын басшысының карауына шығаруға бастамашылық жасау;
- 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;

- 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыretі шегінде іске асыруға қатысуға құқылы;
- 5) өз құзыretіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған кәсіпорын туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтауға міндетті;
- 7) Сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз ету;
- 8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы кәсіпорын басшысын уақтылы хабардар етуге міндетті;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы..

#### **4. Жауап кершілік**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жауапты:

- 4.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген шекте осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындағаны (тиісінше орындағаны) үшін.
- 4.2. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген шектерде қолданылады.
- 4.3. Материалдық залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген шекте.